**5 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА**
*Олимпиаданың бірінші кезеңі (мектепшілік)*

**РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ОЛИМПИАДА ДЛЯ УЧАЩИХСЯ 5 КЛАССОВ**
*Первый этап олимпиады (школьный)*

**Пән/Предмет: Қазақ тілі (орыс тілінде оқытатын сыныптардағы)**

***1-15 тапсырмалар [әр дұрыс жауап үшін 1 ұпай беріледі]***

1. Жалғаудың неше түрі бар?
A. 5
B. 3
C. 4
D. 2
E. 1

2. Термин сөзді тіл білімінің қай саласы зерттейді?
A. Фонетика
B. Фразеология
C. Лексика
D. Синтаксис
E. Морфология

3. Дифтонг дегеніміз не?
A. Дауысты дыбыстар
B. Дауысссыз дыбыстар
C. Жалғау
D. Қосарлы дыбыстар
E. Жұрнақ

4. Қай сөз қате жазылған?
A. Орыны
B. Орны
C. Күлу
D. Кию
E. Бөлмесі

5. Бірыңғай жуан сөзді көрсетіңіз.
A. Кәсіпорын
B. Тауық
C. Өнеркәсіп
D. Асхана
E. Кітап

6. Тасымалдауға болмайтын сөз қайсы?
A. Аспан
B. Тамаша

SKO

C. Ауа
D. Қала
E. Таза

7. Орфоэпиялық заңдылықпен жазылған сөзді белгілеңіз.
A. Мұғалім
B. Құмырсқа
C. Ара
D. Гүлнұр
E. Құмұрсқа

8. Орфографиялық заңдылықтың анықтамасын көрсетіңіз.
A. Дұрыстап айту
B. Дұрыс дыбыстау
C. Дұрыс айту
D. Дұрыс сөйлеу
E. Дұрыс жазу

9. Синонимдерді көрсетіңіз.
A. Саяхат, табиғат
B. Жақсы, ақылды
C. Биік, қысқа
D. Әдемі, сұлу
E. Кітап, қалам

10. Белгілі бір аймақта ғана қолданылатын сөздерді не дейді?
A. Диалект сөздер
B. Кәсіби сөздер
C. Архаизм сөздер
D. Историзм сөздер
E. Неологизм сөздер

11. Дефис дұрыс қойылған сөзді көрсетіңіз.
A. Мектеп-аралық
B. Мектеп-ішілік
C. Оқу-құралы
D. Ата-ана
E. Табиғи-өнім

12. Мағыналары бір-біріне қарсы сөздерді қалай атайды?
A. Антоним
B. Омоним
C. Синоним
D. Мақал
E. Мәтел

13. Қысқарған сөзді табыңыз.
A. Педколледжге түсті
B. Кетіп бара жатыр
C. Ұйқысы ашылды
D. Зәресі ұшып кетті
E. Алып берді

14. I жақта тәуелденіп тұрған жауап қайсы?
A. Сенің кітабың
B. Менің кітабым
C. Оның кітабы
D. Сендердің кітаптарың
E. Олардың кітаптары

15. Жалқы есімі бар тіркес
A. Мәдениет үйі
B. Оқушылар сарайы
C. Алматы қаласы
D. Қызық кітап
E. Әдемі қыз

***16-25 тапсырмалар [әр дұрыс жауап үшін 2 ұпай беріледі]***

16. «Көкпеңбек, аппақ» сөздері қай шырайда қолданылып тұр?
A. Жай шырай
B. Асырмалы шырай
C. Салыстырмалы шырай
D. Күшейтпелі шырай
E. Шырайы жоқ

17. Болымсыз етістікті табыңыз.
A. Сабақтан қал(ма)
B. Қалам бар(ма)
C. Қызық жарна(ма)
D. Қызық шығар(ма)
E. Тәтті ал(ма)

18. Өткен шақта тұрған іс-әрекет қайсы?
A. Балалар доп ойнады.
B. Балалар доп ойнамақшы.
C. Балалар доп ойнағалы жатыр.
D. Балалар доп ойнамақ.
E. Балалар доп ойнауға келісті.

19. «-ншы» жұрнағы жалғанатын сан есімнің мағыналық түрі
A. Есептік сан есім

SKO

B. Реттік сан есім
C. Бөлшектік сан есім
D. Болжалдық сан есім
E. Жинақтық сан есім

20. Лексикалық мағынасы көптік ұғымды білдіретін сөзді табыңыз.
A. Ыдыс
B. Су
C. Бала
D. Оқушы
E. Гүл

21. Қате жалғанған қосымша қай сөзде?
A. Кітаптар
B. Гүлдер
C. Үйлер
D. Қонақтар
E. Баладар

22. *<u>Марат</u> досымен бірге кетті.*
Асты сызылған сөз қай септікте тұр?
A. Барыс
B. Табыс
C. Көмектес
D. Атау
E. Шығыс

23. *Дастан – ашық мінезді, жақсы жігіт.*
Көп мағынаға ие алатын сөзді көрсетіңіз
A. Дастан
B. Ашық
C. Мінезді
D. Жақсы
E. Жігіт

24. *«Келді – келмеді»* сөздерінің антоним бола алмау себебін көрсетіңіз.
A. Мағынасы ұқсас сөздер
B. Мағынасы аралас сөздер
C. Түбірлері бірдей сөздер
D. Қарсы мәндес сөздер
E. Түбірлері әртүрлі сөздер

25. Туынды зат есімді көрсетіңіз.
A. Оқушы
B. Дала
C. Заң
D. Дәрі

SKO

E. Орманды

***26-30 тапсырмалар [әр дұрыс жауап үшін 3 ұпай беріледі]***

**1 – мәтін**

Әлемдегі ең үлкен шөл – 9 000 000 шаршы км аумақты қамтитын Сахара шөлі. Бұл құмды шөл Солтүстік Африканың бүкіл жазығын алып жатыр. Туаректік диалектіде «Сахара» сөзі «шөл» деген мағына береді.

Құмды, шөлейтті аймақтың жаз мезгіліндегі температурасы 58 градусқа дейін көтеріледі, ал қыста 15-28 градус арасын ұстап тұрады. Шөл даланың кейбір бөліктерінде бірнеше жылдар бойы жаңбыр тамшысы тимеген жерлер де бар.

Сахарадағы жалғыз су көзі – Ніл өзені. Шығысқа қарай ағатын аталмыш өзен құмды аймақтың басым бөлігін басып өтеді. Дегенмен Сахараның көп бөлігінде ылғалды алқаппен жер астындағы бұлақтан шығатын құдық бар. Бұл ерекше құмды аймақта жол талғамайтын көлікпен серуендеуге келген туристер үшін арнайы бөлімшелер орналасқан. Сахара шөлінде құрма ағаштары мен дәмі тіл үйірер жүзім өседі екен.

Құмды аймақта Тегази деп аталатын қала бой көтерген. Мұндағы үйлер тұзды тастардан салынған. Бұл қала – ғаламшарымыздағы сусыз, құрғақ, шөлейтті орындардың бірі.

Орг – эр – равиден келетін керуеншілер ылғалды алқап жақын маңда деп ойлап, сағымның құрбанына айналып жатады.

26.Мәтін қандай үлгіде жазылған?
A. Аңыз
B. Ақпараттық мәтін
C. Сұхбат
D. Хикая
E. Ертегі

27. Қай сөйлем екінші абзацтың мазмұнына сәйкес?
A. Ең үлкен аймақты қамтитын жер - Сахара шөлі.
B. Шөлдің біраз аймақтарында жауын жаумаған жерлер кездеседі.
C. Суы жоқ аймақ болса да, құрма өседі.
D. Керуеншілер су іздеу барысында сағымға айналады.
E. Сахара – әлемнің ғажайып өлкесі.

28. Мәтін мазмұнының реттілін көрсетіңіз.
*1.Шөлдегі ауа-райы*
*2. Сағым құрбаны*
*3. Шөлдегі құрылыс*
*4. Сахара шөлі*
*5. Су – тіршілік көзі*
A. 1, 2, 3, 4, 5

B. 3, 5, 2, 1, 4
C. 4, 1, 5, 3, 2
D. 5, 3, 4, 2, 1
E. 5, 4, 3, 2, 1

29. Мәтінге атау беріңіз.
A. Сахара шөлі туралы
B. Ніл өзені туралы
C. Оңтүстік Африка
D. Тегази қаласы туралы
E. Сағым туралы

30. «Сахара» сөзі қандай мағына білдіреді?
A. Су
B. Өзен
C. Ыстық
D. Салқын
E. Шөл

SKO